

Білім беру бағдарламасының паспорты

Талап сайтындағы тіркеу номері 15893

Мамандықтың коды және атауы:	07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану
Біліктіліктің/біліктіліктердің коды және	3W07320104 Кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері
Өңір:	Түркістан облысы
ТЖКОБ ұйымы (әзірлеуші):	"Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі" ЖШС
Әзірлеуші - серіктестер:	ЖК "Кулахметов"
Білім беру бағдарламасының мақсаты:	Құрылыс саласындағы өзгермелі талаптарға бейімделген, тас конструкцияларды төсеу және жөндеу, қарапайым және орташа күрделі арматура, бетон жұмыстары, құрылыс конструкцияларын монтаждау және демонтаждау бойынша жеке қарапайым және қарапайым жұмыстарды өз бетінше шешуге қабілетті жұмысшыларды дайындау, топта жұмыс жасай алады.
ҰБШ бойынша деңгейі:	3
СБШ бойынша деңгейі:	3
Кәсіптік стандарт (бар болса):	«Тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың құрылысы» 19.12.2018 жылының №344 бұйрығымен «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы "Электр доғасы қолмен дәнекерлеу "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 269 қосымшасы.
WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса):	"Кірпіш қалау", «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары», «Плиткамен қаптау»
Оқыту түрі:	күндізгі
Білім деңгейі:	негізгі орта білім
Оқыту тілі:	мемлекеттік
Кредиттердің жалпы көлемі:	180
Білім беру ұйымының әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңесінде жұмыс берушінің және/немесе индустриялық кеңестің келісімімен білім беру ұйымының паспортын мақұлдау туралы (отырыс хаттамасынан үзінді) қарастырылған күні:	15.03.2022ж.
Білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияның нөмірі:	KZ40LAA00016068
Білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:	030
Осы мамандық бойынша мамандандырылған аккредиттеуден өту күні (бар болса):	
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері:	

Модульдер/пәндер мазмұны туралы мәліметтер:

№	Модуль/пән атауы	Оқыту нәтижелері/Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер/сағаттар көлемі
1	ЖБП 1. Қазақ тілі	Қазіргі қоғам құндылықтары арқылы сөз мәдениетін, индустрияландыру мен адамзат дамуының жаһандық мәселелері арқылы сөздік қолданыстарды, адам өмірін сақтау мен сәулет өнері арқылы тілдік жүйені, тілдік нормаларды, әдеби тіл нормаларын, сонымен қатар Қазақстанның өткені мен келешегі және экология, миграция бойынша сауатты сыни пікір жазуды, әлемді өзгерткен өнертабыстар мен туризмге байланысты 5 стильдің тілдік ерекшеліктерін меңгереді.	3/72
2	ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады.	3/72
3	ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	Тіл жүйесінің бірліктері, оларды біріктіру, қызмет ету ережелері, орыс тілінің нормалары мен ережелеріне сәйкес синтаксистік құрылымдарды құрастыру ережелері, сондай-ақ теориялық-әдеби ұғымдарды білу; көркем мәтінді талдау әдістері оқытылады.	4/96
4	ЖБП 4. Шет тілі	Білім алушылар контекстен бейтаныс лексикадан тұратын көркем әдебиеттің кең ауқымын түсіну, тиісті деңгейде еркін сөйлеу, дәлдік, сөз екпіні, интонация және формальдылық, гипотеза бойынша құрдастарымен өзара әрекеттесу және ағылшын тілін колледжде және одан тыс жерлерде қолдануға үміттенетін оқушылар үшін пайдалы пікірлер, түсініктемелер және жауаптар беруді қалыптастыру. Алынған құзыреттер негізінде бизнес жобаларын әзірлейді. 4 дағдының әдістерін меңгереді: айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым.	4/96
5	ЖБП 5. Қазақстан тарихы	Әлемдік өркениеттің Орталық Азиядағы ролін, зерттеу тарихын негізгі факторлары мен ошақтарын түсіну. Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін басқа әлемдік өркениеттермен салыстыру, бағалау. Этникалық процестердің сабақтастығын зерттеу. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының біріктіруші ролін анықтау. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуін бағалау. Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымын және Түркі әлемінің қалыптасуын түсіну. Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуының маңызы туралы тарихи фактілер негізінде тұжырымдау. Ақ Орда және хандықтың құрылуы мен дамуы талдау және бағалау. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау. Қазақ халқының материалдық мәдениетінің даму ерекшеліктерін талдау және әлемдік өркениеттегі орнын бағалау;	4/96

6	ЖБП 6. Өзін-өзі тану	Адамның білімге және шығармашылыққа деген құштарлығын негіздейді; жеке құндылықтар жүйесін анықтайды; жалпыадамзаттық құндылықтар арасындағы рухани байланысты ашады, Адамның ішкі дүниесі оның тұлға ретінде қалыптасуының шарты. Адамның ішкі әлемі – оның даралығының көрінісі. Өзін-өзі бағалаудың «айнасы». Өзіне өзі адал болу қабілеті. Отбасы бастаулары. Отбасы дәстүрлері. Отбасының рухани-адамгершілік құндылықтары. Отбасы тағдыры - қоғам өмірінің көрінісін ашады. Жалпыадамзаттық құндылықтар – танымның мақсаты. Адами таным бастаулары анықтайды. Адамгершілік нормаларына сәйкес өмірлік мақсаттарға жету жолдарын көрсете алады.	2/48
7	ЖБП 7. Математика	Функция, оның қасиеттері және графигі, тригонометриялық функциялар, көпмүшелер, математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы, дәреже мен түбір, дәрежелік функция, көрсеткіштік және логарифмдік функциялар, Функцияның шегі және үзіліссіздігі, туынды және оның қолданылуы, алғашқы функция және интеграл, комплекс сандар, дифференциалдық теңдеулер, стереометрия аксиомалары, кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық, кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар, көпжақтар, айналуденелері және олардың элементтері, дене көлемдерінің жалпы қасиеттерін зерттейді.	8/192
8	ЖБП 8. Информатика	Аппараттық және программалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық үрдістер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, қосымшаларды әзірлеу, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік ережелері мен техникалары оқытылады	2/48
9	ЖБП 9. Дене шынықтыру	Дене шынықтыру туралы білім, Дене тәрбиесі құралдары: Жеңіл атлетика, Спорттық ойындар, Гимнастика, Ұлттық спорт түрлері, Қысқы спорт түрлері, Жүзу түрлерін оқып үйренеді	5/120
10	ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі, Әскери қызметтің құқықтық негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары, Тактикалық дайындық, Атыс дайындығы, Саптық дайындық, Әскери топография, Әскери роботты техникалардың негіздері, Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері, Технологиялық дайындық. Тактикалық дайындық. «Атыс дайындығы», Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары. Саптық дайындық. Әскери топография. Медициналық бөлім.	4/96
11	ЖБП 11. Химия	Заттардың бөлшектері, атомның құрамы мен құрылысы, периодтылық және периодтық жүйе, химиялық реакциялар энергетикасы, ішкі энергия және энтальпия, термодинамикалық заң, химиялық реакцияның жылдамдығы, химия және қоршаған орта, заманауи зерттеулердегі аналитикалық әдістері, жай заттардың табиғатта таралу түрлері және алыну әдістері, көмірсутектердің түрлері мен химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары зерттеледі.	6/144

12	ЖБП 12. Физика	Механика мен жылу физикасы, электр және магнетизм, электр заряды; зарядтың беттік және көлемдік тығыздығы, зарядтың сақталу заңы, Кулон заңы, электромагниттік тербелістер, гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері, электромагниттік толқындар, серпімді механикалық толқындар, механикалық толқындардың таралуы, оптика және жарықтың электромагниттік табиғаты, жарықтың жылдамдығы, жарықтың дисперсиясы, жарықтың интерференциясы, салыстырмалы теорияның элементтері, кванттық физика, нанотехнология және наноматериалдар, Космология мен жұлдыздар әлемі, Күн-Жер байланыстары және жұлдыздардың планеталық жүйелері зерттеледі.	6/144
13	ЖБП 13. Биология	Молекулалық биология мен биохимия, жасушалық биология, қоректену қызметтері, заттардың тасымалдануы, тынысалу және бөліп шығару жүйелері, жасушалық цикл мен көбею, өсу және даму, тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары, эволюциялық даму кезеңдері, селекция негіздері мен тірі ағзалардың көптүрлілігі, Координация және жетілудің қозғалыс қызметтері, экожүйе мен популяция, экология және адам қызметінің қоршаған ортаға әсері, Биомедицина және биоинформатика, Биотехнология, Биосфера заңдылықтары зерттеледі.	3/72
14	ЖБП 14. Дүниежүзі тарихы	Әлем өркениеттерінің тарихы мен олардың өзара әрекеттесуін діндердің даму тарихын, ерекшеліктерін түсіндіру және жаһандық мәселелердің себептерін, байланысын бағалау. Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік үдерістердің байланыстарын анықтау. Тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын, әлем мұражайларының ерекшеліктерін, құндылықтарын айқындау. Көрнекті мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығын, жалпы адамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру.	3/72
1	БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	1,5/36
		ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	1,5/36
2	БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1/24
		ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	0,5/12
3	БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	0,5/12
		ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	0,5/12
		ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	0,5/12
		ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	0,5/12
		ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	0,5/12
4	КМ 1. Қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды сақтау	ОН 1.1. Еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, өндірістік санитария, еңбек гигиенасы талаптарын сақтау және құрылыс алаңында болған кезде жеке қорғаныс құралдарын қолдану.	1/24
		ОН 1.2. Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін жұмыс орнын дайындау.	14,5/348
		ОН 1.3. Өндірістегі жазатайым оқиға кезінде зардап шеккен адамға алғашқы көмек көрсету.	7,5/180

5	КМ 2. Күрделілігі орташа қабырғаларды кірпіштен және ұсақ блоктардан қалау	ОН 2.1. Қарапайым тас конструкцияларын қалау кезінде материалдарды дайындау, такелаждық жұмыстарды орындау.	1,5/36
		ОН 2.2. Қарапайым қабырғаларды қалау, бұзу және ылғалоқшаулау жұмыстарын орындау.	1/24
		ОН 2.3. Тас құрылымдарының элементтерін орнату.	6,5/156
		ОН 2.4. Күрделілігі орташа қабырғаларды және тас құрылымдарды қалау және жөндеуді орындау.	19,5/468
6	КМ 3. Күрделілігі орташа арматуралық жұмыстарды орындау	ОН 3.1. Шегенделген құрылымдарды дайындау және жинақтау кезінде дайындық жұмыстарын орындау.	2/48
		ОН 3.2. Қол, электромеханикалық және электр станоктарында арматуралық болатты кесу бойынша жұмыстарды орындау.	1/24
		ОН 3.3. Арматуралық торлар мен жазық қаңқаларды құрастыру және өру үшін қажетті арматураның саны мен түрін анықтау.	1/24
		ОН 3.4. Арматуралық торлар мен жазық арматуралық қаңқаларды жинақтау және өру жұмыстарын орындау.	1/24
		ОН 3.5. Арматураны жеке шыбықтардан, арматуралық торлардан және жазық қаңқалардан орнату.	6/144
		ОН 4.1. Дәнекерлеу алдында дайындық және құрастыру операцияларын орындау және дәнекерлеуден кейін дәнекерлеу жіктерін тазалау.	3,5/84
8	КМ 4. Газ, -электрмен дәнекерлеу жұмыстарын орындау	ОН 4.2. Қолмен электр доғалы, газды, контактілі, электронды-сәулелі, лазерлік дәнекерлеуді орындау.	13,5/324
		ОН 5.1. Бетондау, бетонға күтім жасау және бетон қоспасын дайындау алдында дайындық жұмыстарын жүргізу.	2/48
9	КМ 5. Бетондау кезінде қарапайым жұмыстар кешенін орындау	ОН 5.2. Бетон және темірбетон конструкцияларын бөлшектеу, оларда тесіктер тесу, темірбетон қадалардың бастарын кесу.	4,5/108
		ОН 5.3. Бетон қоспасын көлденең жазықтықтарға төсеу.	6/144
		ОН 5.4. Төселетін қабаттарды, едендердің бетон негіздерін және цемент тегістегіш қабаттарын орнату.	15/360
		Аралық, қорытынды аттестаттау	
Жалпы			180/4320